Пшенбаева С. А.

Учительская плюс
Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета
www.uchitelskaya.kz



**ИТОГИ 2020: ПЛАН РАБОТЫ ВЫПОЛНЕН НА ВСЕ 100%**

Несмотря на все сложности 2020 года педагогический коллектив Костанайского колледжа автомобильного транспорта отличался активностью, организованностью, эффективным участием в совместных мероприятиях.

стр. 11



**ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ**

Қостанай облысы білім басқармасының ұйытқы болуымен Облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен «Тілдарын» орталығы бірлесе отырып жетілдірілген әліпби жобасын таныстыру мақсатында облыстық семинар өткізді.

12 бет

# «Бас шеберге жол»



**Арқалық политехникалық колледжінде II курс ПК-26 тобының білім алушыларымен санитарлық талаптарды сақтай отырып «Даяшы» біліктілігі бойынша мақала тақырыбымен аттас сыныптан тыс шара өтті.**

Интеллектуалды ойын VI кезең бойынша өтіп, әр кезең өзінің қиындығына байланысты сәйкесінше ұпаймен бағаланды. Алғашқы кезең – «Таныстыру». Онда екі команда өздерінің дайындап келген презентациясы немесе бейнероligін ұсынды. Екінші «Кім ұтқыр» кезеңінде білім алушылардың жылдамдығы басты назарда болып, өткен тақырыптарға сәйкес әр топқа 10 сұрақтан жалпы 20 сұрақ қойылды.

III кезең – «Науамен жүру». Бұл кезеңде білім алушының науамен асығыстық жасамай, жылдам әрі нақты қозғалуы талап етіледі. Студенттердің теориялық білімін практикамен ұштастыруы қажет болды. Келесі «Төрт сурет – бір ұғым» кезеңінде әр командаға төрт сурет салынған карточка дайындалды. Білім алушылардың логикалық ой ұтқырлығы бірінші орында болып, мағынасын ашып, жасырылған құпия сөзді табулары қажет болды.

Бесінші «Мата майлықтарды бүктеу» кезеңінде 5 минут ішінде қатысушы топтар жылдамдыққа майлықтарды бүктеп, таныстырды, ал алтыншы «Бармен» кезеңінде қатысушы топтардың міндеті – берілген нұсқаулық картаға сәйкес «сүтті бананды» және «фрапучино» алкогольсіз коктейльдерін дайындады. Белгіленген уақыт аралығында екі топ өз алдарына қойылған мақсатқа жетіп, кімнің мықты екені анықталды. Сәйкесінше үздіктер танылып, мадақтамалар берілді.



*Нұргүл ӘЛІМЖАН,*
*Арқалық политехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері*

# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**ИТОГИ 2020: ПЛАН РАБОТЫ ВЫПОЛНЕН НА ВСЕ 100%**

Несмотря на все сложности 2020 года педагогический коллектив Костанайского колледжа автомобильного транспорта отличался активностью, организованностью, эффективным участием в совместных мероприятиях.

стр. 11



**ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ**

Қостанай облысы білім басқармасының ұйытқы болуымен Облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен «Тілдарын» орталығы бірлесе отырып жетілдірілген әліпби жобасын таныстыру мақсатында облыстық семинар өткізді.

12 бет

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №7 (454) | ПЯТНИЦА 19 февраля 2021

# Алғыс айта білейік!

**Арқалык политехникалық колледжінде білім алушыларды риясыз мейірімді болуға үйрету мақсатында өткізілген «Қамқорlike» қайырымдылық акциясы аясында «Жүрек жылуы» еріктілер тобы игі іс жасады.**



Олар жас мамандарымыздың демеушілігімен колледжімізде білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға тәттіге толы «Тәттіbox» пакеттерін таратты. Түрлі тәттілерді қолдарына алған білім алушыларымыз ерекше қуанышты көңілкүйге бөленіп, ата-аналары колледжіміздің студенттері мен игі іске ат салысқан мамандарға алғыстарын жаудырды.

Еріктілеріміз де осы бір іс-шара арқылы қатарластары мен замандастарына саналы ой қалыптастыра білді деген ойдамын. Ерекше ықыласпен құрмет көрсете отырып, ізеттілік танытқан жас мамандарымызға айтар алғысым шексіз. Өзара алғыс айту, қайтарымын күтпей жақсылық жасау адамдар арасындағы сенімді, сыйластықты арттыратын амал саналады. Себебі бұл – адамның жан дүниесін тазартып, жүрегін жұмсартатын, мейірімін оятатын сауапты іс. Қайырымдылық, мейірімділік – егіз ұғым.

*Алданыш* ***БАЙЖУМИНА,***
***«Art.team-АРК» жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі,***
***Арқалық қаласы***

У+
# Учительская плюс
Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета
www.uchitelskaya.kz



**СЕКРЕТЫ КАЗАХСКОГО ТАНЦА РАСКРЫТЫ ДЛЯ КОСТАНАЙСКИХ ХОРЕОГРАФОВ**

В хореографической школе «Карнавал» г. Костаная состоялся семинар по методике преподавания казахского танца с участием профессора Тойган Изим (г. Нур-Султан). Тойган Изим – мэтр исследования и развития казахского танцевального фольклора

стр. 4



**ТІГІН – КӘСІП ҚАНА ЕМЕС, ӨНЕР**

Арқалық политехникалық колледжінде ПУ-03 тобының білім алушыларымен санитарлық талаптарды сақтай отырып «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша колледжішілік Worldskills чемпионаты өтті

12 бет

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №13 (460) | ПЯТНИЦА 2 апреля 2021

## WORLDSKILLS-2021

# Тігін – кәсіп қана емес, өнер

**Арқалық политехникалық колледжінде ПУ-03 тобының білім алушыларымен санитарлық талаптарды сақтай отырып «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша колледжішілік Worldskills чемпионаты өтті.**

Чемпионаттың негізгі мақсаты – жұмысшы және техникалық мамандықтардың дәрежесі мен мәртебесін арттыру, кәсіптік-техникалық білім беру саласына ерекше көңіл бөліп, білім алушыларды аталған салаға тарту. Сондай-ақ, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда кәсіби шеберлігін байқау.

Жыл сайын колледж ішінде барлық жұмысшы мамандықтар арасында осындай сайыс өтуде. Биыл «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша «Арнайы тігінші» біліктілігінің 1-курс білім алушылары қатысты. Сайыс үш модульден, яғни үш кезеңнен құралды. Әр тапсырмаға шектеулі уақыт берілді. Білім алушылар берілген уақытты тиімді пайдаланып, тапсырманы толықтай орындап шығуы тиіс болды. Осылайша үш кезеңнің қорытындысын эксперттер критерийлер бойынша бағалап I, II, III дәрежелі дипломмен марапаттады.

Қорыта келгенде, жыл сайын өтетін Worldskills чемпионаты байқауларының нәтижесінде білім алушылардың мамандыққа деген қызығушылығы артып, өзін-өзі жан-жақты дамытып, жақсы маман иесі болуына ықпалын тигізеді.

*Әсемгүл ЖАПАРҒАЛИЕВА,*
*Арқалық политехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері*



Жиенбаева С.


# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz




**СЕКРЕТЫ КАЗАХСКОГО ТАНЦА РАСКРЫТЫ ДЛЯ КОСТАНАЙСКИХ ХОРЕОГРАФОВ**

В хореографической школе «Карнавал» г. Костаная состоялся семинар по методике преподавания казахского танца с участием профессора Тойган Изим (г. Нур-Султан). Тойган Изим – мэтр исследования и развития казахского танцевального фольклора.

стр. 4



**ТІГІН – КӘСІП ҚАНА ЕМЕС, ӨНЕР**

Арқалық политехникалық колледжінде ПУ-03 тобының білім алушыларымен санитарлық талаптарды сақтай отырып «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша колледжішілік Worldskills чемпионаты өтті.

12 бет


Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №13 (460) | ПЯТНИЦА 2 апреля 2021




ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ФАКТОР

## Будущее за молодым поколением!

**В целях формирования у студентов антикоррупционного мировоззрения в Аркалыкском политехническом колледже работает кружок «Адал ұрпақ» под руководством преподавателя общеобразовательных дисциплин Эльмиры Токаевой.**



*Салтанат АХМЕТОВА, замдиректора по ВР АркПТК*

Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира, в том числе и в Казахстане, различаясь лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьёзную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Главной идеей деятельности кружка «Адал ұрпақ» является проведение встреч с молодёжью и разъяснение антикоррупционного законодательства, понятия коррупции, совершенствования мер по противодействию коррупции, установление законности и антикоррупционной дисциплины среди студентов, воспитание в духе противодействия коррупционным явлениям, проведение круглых столов, диспутов на тему «Сохрани руки чистыми, откажись от коррупции». Так, например 4 марта в колледже состоялся конкурс плакатов «Нет коррупции!», где участники создавали экспресс-плакаты в режиме реального времени. Участники конкурса собрались в назначенное время и приступили к работе. В течение часа каждая команда должна была нарисовать законченный плакат на заданную тему. Работы оценивались членами независимого жюри.

Каждая представленная на конкурс работа оценивалась по следующим критериям: соответствие тематике, требованиям положения, новаторство и оригинальность, творческий подход к работе, художественное мастерство, соответствие работы возрасту обучающихся.

По результатам конкурса победители и участники награждены грамотами. Хочется верить, что знания, приобретённые молодежью, помогут им в жизни не соприкоснуться с любыми проявлениями коррупции.



Ашенбаева С.


# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета







МАЛЕНЬКИЕ ПАТРИОТЫ БОЛЬШОЙ СТРАНЫ

Педагогический коллектив детского сада «Изюшка» г. Лисаковска предлагает такие условия предметно-пространственной среды, учебно-воспитательного процесса, в которых ребенок начинает ощущать себя частью народа, гражданином, а также субъектом мировой цивилизации.

стр. 13



ҰМЫТ БОЛҒАН ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында бүгінде ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағамдарды қайта жаңғырту жолында жетекшім Нұргүл Әлімжан екеуміз ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, тағамдардың дайындалу технологиясын зерттедік.

19 бет

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №11 (458) | ПЯТНИЦА 19 марта 2021



БЕРЕКЕЛІ ДАСТАРҚАН

# Ұмыт болған ұлттық тағамдар

**Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы жылдың басы саналған. Бұл күн еліміз үшін әрқашан қасиетті әрі киелі. Халық таза, жаңа киімдерін киіп, бар өкпе-реніштерін ұмытып, мәре-сәре болып жатады.**



Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырса, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Артынша бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған Наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр еттің салынып, пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.

Осы орайда ұмыт болған көне ұлттық тағамдардың дайындалу технологиясын зерттеу мен үшін өте қызық әрі таңсық болды. Жетекшім Нұргүл Әлімжан екеуіміз көнерген ұлттық тағамдарымызды жаңғырту, дәріптеу барысында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргіздік. Нәтижесінде, Наурыз мейрамында ғана емес, күнделікті тұрмыста ас мәзіріне енгізуге болатын ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарды анықтадық. Олардың қатарына мына тағамдарды жатқызар едім:

**Қарынбөртпе** – ел арасында сирек дайындалатын өте дәмді тағам. Көбінесе жаңа сойылған малдың етінен, бауырынан қосып, ұнмен араластырып, қарынға салып пісіреді.

**Үлпершек** – ірі қара малдың жүрегінен жасалады. Екі жағындағы құлақшаны кесіп алып, қаны әбден сорғыған жүректің жіңішкелеу жағын тіліп, ішіне сол малдың қара кесек еті мен майы ұсақтап туралып салынады.

**Жөргем** – малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалады. Мал сойғанда ащы ішек пен тоқ ішегін жуып тазалап, тұздағаннан кейін оны айналдырып тағы бір рет сумен шайқайды.

**Сүбе** – ұмыт болған ұлттық тағамның бір түрі. Сүбені жасау үшін ең алдымен, қойдың сүбе қабырғасының сыртын сылып, тұздаймыз. Оның үстіне ұсақталып туралған сарымсақты, үккіштен өткізілген сәбізді салып, жаймалап, өз қалауыңыз бойынша дәмдеуіштер қосасыз. Ішіне көгөніс толтырылған етті қағты орап, сырты жіңішке жіппен айналдырып бекітіледі.

**Көмеш** – қарынға салып пісірілетін тағам. Тазартылған қарынның ішіне аса толтырмай марқаның, бағланның, ту қой мен серкенің етін және картоп, сәбіз сияқты түрлі көкөністер салынады.

**Өрметөс** – күйеу бала қонаққа келгенде ұсынылатын бұл тағам қазір қарапайымданып кеткен. Бұл қой төсінен жасалатын тағам. Оны екіге айырып, екі шетін өру арқылы құс қанатына ұқсас қылып жасайды.

**Сірне** – бағланның, көпенің етін қазанға жілік-жілігімен қуырып дайындайтын өте дәмді ас.

**Жаужүрек** – бұл тағам қой бауырынан жасалады.

Зерттеуімнің нәтижесін тәжірибемен айқтау үшін өндірістік шеберханада Нұргүл Бауыржанқызының жетекшілігімен ережелерді сақтай отырып, ішектен жасалатын көнерген ұлттық тағам – әсіпті дайындап көрдім *(суретте)*.

**Әсіп** – қазақ халқында ертеде әсіп дайындауда әсіпке жаңа сойылған малдың қанын жылыдай қосқан, себебі қанының құрамында адам ағзасына пайдалы 13 түрлі витамин бар. Қазақ халқында ерік-жігердің, күш-қуаттың болуымен байланыстырады.

Қойдың бүйенін немесе ішегін аударып, жақсылап тазалайды. Қой етінің жүрек, өкпе, және бауыр сияқты жұмсақ еттерін еттартқыштан өткізеді немесе ұсақтап турайды. Оған майдалап кесілген құйрық май, пияз, күріш, сондай-ақ тұз және ұнтақталған бұрыш сияқты дәмдеуіштерді қосып, араластырамыз. Оны ішекке салады да, екі ұшын жіппен байлайды. Пісірер алдында ішектерді инемен бірнеше жерден тесіп, қайнаған тұзды суға не сорпаға салады. Әсіп әдетте 50-60 минутта піседі. Оны дастарханға қоярда дөңгелектеп кесіп, ыстықтай береді. Ішек болмаса, қойдың бүйенін пайдаланады.

Осы ғылыми-зерттеу жұмысыммен колледжішілік іріктеуден өтіп, Арқалық қаласының колледж оқу орындарының арасында ұйымдастырылған «Жас ғалым-2021» ғылыми-зерттеу байқауында жүлделі II орынға ие болдым. Облыстық «ҚИнЭУ кәсіпкерлік колледжі» жеке мекемесі «Тәуелсіз Қазақстанның даму факторы ретінде студент жастардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру» тақырыбындағы «Жас ғалым-2021» студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясына «Техника және технология» бағыты бойынша қатысып, 22 қатысушының арасынан үздік танылып, арнайы номинацияға ие болдым. Екінші курс білім алушысы, мен үшін, бұл көрсеткіш үлкен мәртебе деп білемін.

*Толғанай ӘБЕУСАҒИТ,*
*Арқалық политехникалық колледжінің студенті*

# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета

www.uchitelskaya.kz









Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №8 (455) | ПЯТНИЦА 26 февраля 2021




ТИІМДІЛІК

# Назарда: қазақ әдебиеті сабағы

**Әрбір шығарманың оқиға желісін танып, түсінген адам келешегіне сабақ болар өнеге алары да шындық. Ендеше әдебиет сабақтарында оқушыға мазмұнды, сапалы білім беру әр мұғалімнің көкейінде тұрар өзекті мәселе екендігі сөзсіз.**




*Бағила БАЛМАШЕВА,*
*Арқалық политехникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*


Әдебиет сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен сыни тұрғыда ойлай білу көзқарастарын қалыптастырып, танымдық белсенділігін дамытуға бағыттайды. Басқаша айтқанда адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген ізгілікке жол ашар адами құндылылық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Бүгінде әдебиет сабағында пайдалануға болатын жаңаша әдіс-тәсілдер аз емес. Мысалы, «Фишбоуын» әдісін қолдану барысында білім алушыларға өтілген шығарма мәтінін ұсына отырып өз беттерімен берілген сұрақтарға жауап іздендіру арқылы шығармадағы айтылған мазмұнды ойды жинақтауға болады. Топтастырылған білім алушылар спикерлері постерлерін қорғауға шыққан сәтте берілген мәтінді игеру барысында тіл байлығы мен ойлау қабілетінің дами түскендігі айқындалады.

Үй тапсырмасын сұрау барысында «Миға шабуыл» әдісін қолданар болсақ сан-салалы сұрақтарға жылдам ойлау арқылы білім алушылардың толыққанды мазмұнды жауаптасатынын байқауға болады. Мысалы: Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығарашылығын сұрау барысында «Абай атамыз қай ғасырда өмір сүрді?», «Абай кім?», «Абайдың қандай шығармаларын білесіздер?», «Азан шақырып қойған есімі кім?», «Абай атамыз орыс классиктерінен кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударды?», «Абай туралы шығарма жазған қандай ақын-жазушыларды білесіздер», «Ақын қандай кезеңде өмір сүрді?», «Абай ақын кімдер үшін күресті деп ойлайсыздар?» деген сұрақтар қою арқылы Венн диаграммасымен слайдтар жасату арқылы өз беттерімен көптеген мәліметтерді жинақтауға жол салуға болады.

«Кластер» әдісі жекелеген білім алушылардан гөрі топтасып жұмыс жасау барысында көптеген мәліеттер жинақтауға мүмкіндік береді. Сабақты бекіту барысында «Шығарма» әдісін қолданудың өз ерекшелігі, құндылығы аңғарылады. Ақын туралы әр білім алушы бір-бірден өз ойының жазып, соңында бүктелген парақты жазып басынан аяғына дейін оқып шыққанда бір кісі ғана жазғандай тиянақты шығарма қалыптасатын сәттер болады. «Секірмелі сұрақтар» әдісі де өз алдына ізденіруге жол ашып ой тиянақтауға қолайлы әдіс.

А.Байтұрсынов: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыру дағдысы», – деп атап өтсе, ғалым Д.Менделеев: «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген ұстаз ғана шәкірттеріне терең де мағыналы білім бере алады», – деген. Ендеше жаңа қоғам игілігіне орай жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр сәулесін түсіре білетін, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізуге ұмтылыс жасап жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бір бөлек.

Ишенбаева С.Б.

**Учительская плюс**
Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета
www.uchitelskaya.kz


ҰЛТТЫҚ МҰРА – ҰРПАҚҚА АМАНАТ
12 бет


УНИКАЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ РЯДОМ
стр. 22

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей | №6 (453) | ПЯТНИЦА 12 февраля 2021

ерекше көзге түскен студенттер: Аружан Жақсылықова, Дияр Қажиғапаров, Жаслан Серік, Томирис Умирбекова, Серик Мусаев, Нияз Сермағанбетов, Егор Савин, Қажымұрат Төлеу, Алия Сейдалинова, Данил Шамин, Виолетта Поветьева, Жасқанат Туяков, Данил Малышев, Артем Березань, Кирилл Ежов, Дидар Атоваров, Жаслан Ахметов, Николай Казя-

Ұстаздардың педагогикалық әр кәсіби шеберлігін және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы студенттердің сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал ету біздің мақсат.

***Айгүл КУШЕГАЛИНА,***
***Қостанай құрылыс колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәндер ПЦК-ның төрайымы***

АПТАЛЫҚ

# Дәстүрлі шара жалғасын тапты

**Арқалық политехникалық колледжінде жылдағы дәстүрге айналған «Қызмет көрсету саласы пәндері» топтамалық әдістемелік комиссиясының апталығы өткізіліп, қорытындыланды.**

Білікті маман дайындау жолында арнайы пәндер және өндірістік оқыту сабақтарында оқытудың белсенді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиімді пайдалану мақсатын анық қойдық. Болашақ ұрпақтың терең білімді, жан-жақты дамыған зерек болуы – заман талабы.

Білім алушылардың өз мамандығын жақсы игеруі үшін ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар, мамандықтың қырлары мен сырларын ұғындырып, оған деген сүйіспеншілікті насихаттау мақсатында сайыстарды өткізудің тигізер септігі мол. Өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары ашық сабақтарына жауапты дайындалып, жоғары деңгейлерін көрсете білді. Бар жауапкершілікті мойныма алып, айтарым: «Ел болашағы – сенімді қолда».

***Дидар БЕКЕЕВА,***
***Арқалық политехникалық колледжінің ТӘК төрайымы***

